



**"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N 1287 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 377 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 N 377 қаулысымен.**

**Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.07.2009 N 1101 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1247 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

қосымшаға сәйкес құрамдағы "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесін;

Асылжан Сарыбайұлы Мамытбековті "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі " акционерлік қоғамының басқарма төрағасы етіп сайлауды қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.01.2007 N 19; 21.11.2008 N 1078; 20.07.2009 N 1101 қаулыларымен.**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 26 желтоқсандағы  
N 1287 қаулысына

қосымша

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.11.2008 N 1024 қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.11.2008 N 1078; 25.03.2009 N 399; 14.07.2009 N 1068; 20.07.2009 N 1101; 30.12.2009 № 2289; 20.12.2010 N 1378; 01.03.2011 N 206; 23.09.2011**

N 1093; 10.01.2012 № 10; 07.03.2012 N 302; 04.10.2012 N 1257;  
22.02.2013 N 167 қаулыларымен.

**"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы**  
**Директорлар кеңесінің құрамы**

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы министрі	- Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі
Жәмішев Болат Бидахметұлы	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрі
Мамытбеков Асылжан Сарыбайұлы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Құсайынов Марат Әпсеметұлы	- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Айтжанов Дулат Нулиұлы төрағасы	- "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының басқарма
Джорджо Понци директор	- «Agrotechnica S.r.l.» компаниясының президенті, Италия Республикасы, тәуелсіз
Розинов Василий Самойлович	- "Иволга-Холдинг" ЖШС бас директоры, тәуелсіз директор
Грамцов Андреас	- "Қазақстан-Герман аграрлық-саяси диалогы" жобасының ғылыми қызметкері, тәуелсіз директор